

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу туралы

### *Күші жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 26 қарашадағы № 114 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 қарашада № 4321 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 194 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.11.2014 № 194 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі – кемтар балалар) үйде оқытуға жұмсалған шығындарды (бұдан әрі–оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу) жеке оқыту жоспары бойынша ай сайын төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтелсін.

2. М ы н а л а р :

1) кемтар балаларды оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады;

2) оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу кемтар балалардың ата-аналарына және басқа заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушылар) төленеді;

3) оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін алушы келесі құжаттарды: ө т і н і ш і н ;

алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін;

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның

қ о р ы т ы н - д ы с ы н ;

мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесін;

банктегі шоттың бар болуы туралы құжаттың көшірмесін;

үйде оқытылатынын растайтын құжатты ұсынады;

4) оқытуға жұмсалған шығындарын өтеу тиісті оқу жылы ішінде өтініш берілген айдан бастап тағайындалады және әрбір кемтар балаға төленеді деп

б е л г і л е н с і н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрайымы*                      *А. Жансүгірова*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*                      *А. Бондаренко*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Әуликөл ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесі басшысының уақытша  
міндетін атқарушы*

\_\_\_\_\_ *Айсин Ә.С.*